

# **gorenje**

**SBR 1000 BE**



**Пайдалану жөніндегі басшылық KZ**

**KZ**      **Пайдалану жөніндегі басшылық ... 00**

Нұсқаулықтың басындағы А фотосын қараңыз.

- 1 Мотор блогы
- 2 TURBO "пульс", ICE "мұз" және SMOOTHIE батырмалары
- 3 Қосу/Өшіру батырмалары және жылдамдық батырмасы / ауыстырып қосқышы
- 4 Блоктау
- 5 Қозғалтқыш осі (білік)

## Ұсақтағыш

- 6 Ұсақтағыш тостағаны
- 7 Ұсақтағыш қақпағы
- 8 Ұсақтағыш итергіші

## Кофе ұнтақтағыш және блендер

- 9 Кофе ұнтақтағыш қақпағы
- 10 Кофе ұнтақтағыш тостағаны
- 11 Кофе ұнтақтағышқа және блендерге арналған кескіш пышақ
- 12 Сақина тәрізді ысырма
- 13 Блендер тостағаны
- 14 Блендер қақпағы
- 15 Блендердің кішкене қақпағы

## Шырын сыққыш

- 16 Шырын сыққыш
- 17 Шырын сыққыш тостағаны
- 18 Сүзгі
- 19 Шырын сыққыш қақпағы
- 20 Шырын сыққыш итергіші

## Қосымша құралдар

- 21 Қамырға арналған пышақ
- 22 Ұсақтағыш пышақ
- 23 Пышақтар (жұқа және қалың турау, жұқа және қалың кесу ...)
- 24 Қалақша

## Маңызды! Қауіпсіздік шаралары

**Назар аударыңыз! Желіден жұмыс жасайтын аспаптарды қолдану кезінде әрқашан негізгі қауіпсіздік шараларын сақтаған, соның ішінде өрт, электр тоғынан зақым алу және жарақат алу қауіптерінің алдын алу үшін келесілерді орындаған жөн:**

- Аспап таныс болса да барлық нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз және оларды болашақта қарау үшін сақтап қойыңыз.
- Жалғар алдында зауыттық жапсырмада көрсетілген кернеудің желідегі нақты параметрлерге сәйкес келетіндігін тексеріп алу қажет.

- Қозғалтқыш блогын, шнурды және штепсельді суға және басқа да сұйықтықтарға батыруға, сонымен қатар ағын су астында жууға тыйым салынады.

- Аспап балалардың жанында қолданылған немесе тұрған кезде қатаң қадағалау қажет. Аспапты ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

- Аспап қолданылмайтын кезде, құрастыру немесе бөлшектеу алдында, сонымен қатар тазаламас бұрын аспапты өшіріңіз және штепсельді розеткадан ажыратыңыз. Ажырату үшін штепсельден ұстаңыз және оны розеткадан ажыратыңыз. Ешқашан шнурдан тартпаңыз.

- Аспаптың қозғалып тұрған бөліктеріне қолыңызды тигізбеңіз.

- Егер аспап жұмысында ақаулар бар болса, сонымен қатар оны құлатып алсаңыз немесе қандай да бір басқа тәсілдермен зақымдап алсаңыз, шнурды немесе штепселі бүлінген аспапты пайдаланбаңыз. Мұндай жағдайларда аспапты толық жинағымен жақын жердегі авторлық құқығы бар сервис орталығына қарап-тексеруге, электрлік жөндеуге, механикалық жөндеуге немесе баптауға жіберіңіз.

- Осы аспапты өндіруші ұсынбаған керек-жарақтарды немесе толықтыруларды қолдану өртке, электр тоғынан зақым алуға немесе жарақатқа алып келуі мүмкін.

- Тек ғимараттарда ғана қолданыңыз.

- Шнурды үстелдің бетінен салбыраған немесе қызып тұрған беттермен жанасқан күйде қалдырмаңыз.

- Жарақат алу қауіпінің алдын алу үшін жұмыс барысында қолыңыз бен асхана керек-жарақтарын қозғалып тұрған пышақтар мен дисктерден алыс ұстаңыз. Аспапты қырғышпен тазалауға болады, бірақ ол кезде аспап жұмыс жасамауы және желіден ажыратылуы тиіс.

- Пышақтар өткір. Сақ болып қолданыңыз. Пышақты қолыңызға ұстап тұрған кезде оны арнайы пластик бөлігінен ұстаңыз.

- Жарақат алу қауіпін азайту үшін тостағанды алдымен тиісті көсілмен орналастырып алмайынша, пышақтар мен дисктерді ешқашан негізге қоймаңыз.

- Қолдануды бастамас бұрын қақпақтың орнына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

- Ешқашан тағамдарды аспапқа қолыңызбен салмаңыз. Итергішті қолданыңыз.

- Блоктау механизмін бөлшектеуге тырыспаңыз.

- Қолданар алдында блендерді әрқашан қақпақпен жабыңыз.
- Ыстық сұйықтықтармен жұмыс жасау кезінде екі жақты қақпақтың орталық бөлігін алып тастаңыз.
- Егер шырын сыққыштың сүзгісі бүлінген не болмаса сынған болса, аспапты қолданбаңыз.
- Бұл аспап сенсорлы жүйесінің мүмкіндіктері шектелген немесе интеллектуалды мүмкіндіктері шектелген адамдардың (балаларды қоса), сонымен қатар олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамдар тарабынан бақылау жасалатын немесе нұсқаулар берілетін жағдайларды қоспағанда, тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдардың қолдануына арналмаған. Балаларға аспаппен ойнауға рұқсат етпеңіз.

Шу деңгейі: Lc < 83 дБ (А).

## **БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚТАРДЫ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ! ТЕК ҮЙДЕ ҚОЛДАНУҒА АРНАЛҒАН!**

### **Блоктау жүйесі**

Сіздің қауіпсіздігіңіз үшін SBR1000BE моделінің кірістірілген блоктау жүйесі бар. Егер аспап дұрыс құрастырылмаған болса, жүйе оның жұмысын блоктайды.

Керек-жарақтарды таңдаған кезде (мысалы, блендер) оны мотор блогына дұрыс орналастырған жөн.

Уақыт бірлігінде тек бір керек-жарақты ғана қолдана аласыз.

Мотор блогы мен керек-жарақтағы белгілер бір бағытқа қарап тұрған жерде таңдалған керек-жарақ дұрыс орналасқан. Содан соң сырт еткен дыбыс шыққанға дейін керек-жарақты сағат тілі бағытында бұраған жөн.

Жұмыс аяқталған кезде керек-жарақты сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, ағытып алыңыз. В, С, D және Е фотоларды зерттеп шығыңыз.

### **Басқару панелі**

- Керек-жарақты мотор блогына орналастырғаннан кейін басқару батырмасын бұраңыз, ауыстырып қосқышты Өшіру күйіне бұраңыз. Қажетті жылдамдықты таңдаңыз.
- Үзік-үзік режимде қолдану үшін PULSE “ПУЛЬС” немесе ICE “МҰЗ” батырмасын басыңыз. **ЕСКЕРТУ:** Егер аспаптың әзірге жұмыс жасауын қаласаңыз, PULSE “ПУЛЬС” батырмасын PULSE “ПУЛЬС” күйінде ұстап тұру қажет Оны ұстап тұру тоқтаған кезде аспап өшеді. ICE “МҰЗ” батырмасы таңдалған кезде аспаптың жұмыс жасауы

үшін оны тұрақты басылған күйде ұстап тұру қажет.

- Тағамның шектен тыс ұсақталуының алдын алу үшін PULSE “ПУЛЬС” және ICE “МҰЗ” функцияларын қолданған жөн.

### **ҰСАҚТАҒЫШ**

**ЕСКЕРТУ:** Кез келген керек-жарақты ағытып алу немесе тазарту алдында мотор блогының желіге жалғанбағанын және жұмыс батырмасының “ӨШІРУ” күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Барынша сақ болыңыз, пышақтары өткір.

- **МАҢЫЗДЫ:** Егер ұсақтағыш тостағанының қақпағы мотор блогына дұрыс орнатылмаған немесе орналастырылмаған болса, ол жұмыс жасамайды.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Жарақат алу қауіпін азайту үшін тостағанды алдын ала дұрыс қойып алмай, ешқашан Кесетін пышақты мотор блогына орналастырмаңыз.

- Ұсақтағыш тостағанын мотор блогына дұрыс орналастырыңыз. Мотор блогы мен керек-жарақтағы белгілер бір бағытқа қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Содан соң сырт еткен дыбыс шыққанға дейін керек-жарақты сағат тілі бағытында бұраған жөн. Қозғалтқыш білігін мотор блогына орналастырыңыз.
- Кесетін пышақты тостаған ішіндегі білікке орналастырыңыз.
- Кесетін пышақтың дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Кесетін пышақ орналасқан кезде тағамдарды тостағанға салыңыз. Содан соң қақпақты ұсақтағышқа орналастырып, бұраңыз. В суретін мұқият қарап шығыңыз.

**АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Барынша сақ болыңыз

– Пышақтар өткір, оларды дұрыстап ұстаңыз. Кесетін пышақты әрқашан пластик бөлігінен ұстаңыз. Кесетін пышақты қолданғаннан кейін оны әрқашан тағамды алмас бұрын суырып алыңыз.

- Жарақат алу қауіпінің алдын алу үшін жұмыс барысында қолыңыз бен асхана керек-жарақтарын қозғалып тұрған пышақтар мен дисктерден алыс ұстаңыз. Аспапты қырғышпен тазалауға болады, бірақ ол кезде аспап жұмыс жасамауы және желіден ажыратылуы тиіс.
- Ешқашан тағамдарды аспапқа қолыңызбен салмаңыз. Итергішті қолданыңыз.
- Аспап қосылып тұрған кезде оны қараусыз қалдырмаңыз.

### **Турау / Кесу**

**ЕСКЕРТУ:** Керек-жарақтарды ағытып алмас

және қайта орнатпас бұрын аспаптың өшірілгеніне және батырманың “ӨШІРУ” күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Ұсақтағыштың орнына пышақтарды (дисктерді) қолдану кезіндегі процедуралар ұсақтағышқа арналған процедуралармен бірдей. Кесетін пышақтың орнына сәйкес келетін дискті қолдану қажет. Дискті таңдау тағамды қалай дайындағыңыз келетіне байланысты.  
В суретін қарап шығыңыз.
- **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Барынша сақ болыңыз - Пышақтары өткір.

## БЛЕНДЕР ЖӘНЕ КОФЕ ҰСАҚТАҒЫШ

**ЕСКЕРТУ:** Керек-жарақтарды ағытып алмас және қайта орнатпас бұрын аспаптың өшірілгеніне және батырманың “ӨШІРУ” күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

- **МАҢЫЗДЫ:** Блендер мен Кофе ұсақтағыш бірдей пышақтарды қолданады. Аспапты (Блендер немесе кофе ұсақтағыш) таңдаған кезде кофе ұсақтағыштың тостағанын немесе блендердің тостағанын таңдау қажет. Содан соң оны аспапқа бұраңыз. Сондай-ақ Сақина тәрізді ысырманы ұмытпаңыз (А, 12 сурет).

Құрастырылған Блендерді мотор блогына орналастырыңыз. Мотор блогы мен керек-жарақтағы белгілер бір бағытқа қарап тұрғанына көз жеткізіңіз.

Содан соң сырт еткен дыбыс шыққанға дейін керек-жарақты сағат тілі бағытында бұраған жөн.

- Жұмысты аяқтағаннан кейін керек-жарақты сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Блендер мотор блогына дұрыс орнатылғаннан кейін тағамдарды Блендерге салу қажет.

Нұсқаулықтың басындағы D фотосын қарап шығыңыз.

- Егер Блендердің орнына Кофе ұсақтағышты қолданғыңыз келсе, процедура дәл осындай болады. **МАҢЫЗДЫ:** Кофе ұсақтағышты қолданған кезде алдымен ингредиенттерді тостағанға салыңыз. Содан соң пышақтарды тостағанға бұраған жөн. Сондай-ақ Сақина тәрізді ысырманы ұмытпаңыз.

Блендерді қоспас бұрын Блендер қақпағын дұрыс орналастыру қажет. Егер Блендерге қосымша ингредиенттер салатын болсаңыз, оны Блендердің кішкене қақпағы арқылы салыңыз.

- **МАҢЫЗДЫ:** Егер блендер/кофе ұсақтағыш мотор блогына дұрыс орналастырылмаса, олар дұрыс жұмыс жасамайды. Жұмыс кезінде тостаған

бос болуы тиіс. Ішіне ешқандай бөлшектерді салмаңыз.

## ШЫРЫН СЫҚҚЫШ








**ЕСКЕРТУ:** Керек-жарақтарды ағытып алмас және қайта орнатпас бұрын аспаптың өшірілгеніне және батырманың “ӨШІРУ” күйінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Алдымен Шырын сыққышты С суретінде көрсетілгендей етіп құрастыру қажет. Шырын сыққышты мотор блогына орналастырыңыз. Мотор блогы мен керек-жарақтағы белгілер бір бағытқа қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Содан соң сырт еткен дыбыс шыққанға дейін керек-жарақты сағат тілі бағытында бұраған жөн.

- **МАҢЫЗДЫ:** Егер Шырын сыққыш мотор блогына дұрыс орналастырылмаса, олар дұрыс жұмыс жасамайды. Өр қолданудан кейін әрқашан “ӨШІРУ” батырмасын басыңыз. Аспаптың желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Аспапты және сүзгіні қалақша көмегімен тазалағыңыз келген кезде жұмыс барысында әрқашан ӨШІРУ батырмасын басыңыз.
- Өнімдерді шырын сыққышқа қолмен салмаңыз. Итергішті қолданыңыз.

## ҰСЫНЫСТАР

**МАҢЫЗДЫ:** Белгілі бір уақыт кезеңі өткеннен кейін аспапқа демалуға уақыт қажет болады. Бұл аспап жұмысын ұзартады. **Төмендегі кестені қарап шығыңыз.** Жұмыс уақыты өнімдердің қарқындылығы мен сипатына байланысты болады.

Керек-жарақ	Сурет	Функция	Жылдамдық	Саны (МАКС)	Жұмыс уақыты	Демалыс уақыты
Кесетін пышақ		Кесу (ет, көкөніс, ...)	Мин. – Макс.	500 г	30 сек.	1 мин.
Қамырға арналған пышақ		Қамыр дайындау	Мин.	500 г ұн 280 мл су	30 сек.	1 мин.
Пышақтар		Қалыңдап және жұқалап кесу / турау / фри картоп дайындау және тағамдарды араластыру	Орт. – Макс.	1200 мл	1 мин.	2 мин.
Блендер		Ұсақтау (жемістер, көкөністер, ...)	Орт. – Макс.	1500 мл	1 мин.	2 мин.
			Мин.	1200 мл	1 мин.	2 мин.
Кофе ұсақтағыш		Құрғақ ұсақтау (кофе дәндері, қант, жаңғақтар, ...)	Орт. – Макс.	120 г	20 сек.	1 мин.
Шырын сыққыш		Табиғи шырын дайындау (алма, апельсин, шабдалы, жүзім, сәбіз, қызылша, ...)	Мин. – Макс.	1000 г	2 мин.	2 мин.

### ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тазалауды бастамас бұрын құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

Қозғалтқыш блогын суға батырмаңыз және ағын сумен жумаңыз. Қозғалтқыш блогын дымқыл матамен сүртіңіз. Мұқият кептіріңіз.

- Ыдыс жуу машинасында тек тот баспайтын болаттан жасалған бөлшектерді ғана жууға болады.
- Қалған бөліктерін ыдыс жууға арналған сұйықтық қосылған жылы сумен шайып алған жөн.
- Блендерді тазалау:

- Сабынды сумен жуыңыз.
- Қақпақты орналастырыңыз.
- Блендерді максималды жылдамдықпен қатарынан 30 секундтан асырмай қолданыңыз. Егер қажет болса, жуып алып, қайталаңыз.

## Қоршаған ортаны қорғау

Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Оны одан әрі жою үшін мамандандырылған жерге жіберіңіз. Осылайша қоршаған ортаны қорғай аласыз.



Импорттаушы: «Горенье БТ» ЖШҚ  
119180, Мәскеу, Якиманская жағ., 4-үй, 1-құр..

## Кепілдік және қызмет көрсету

Ақаулар туындаған кезде авторлық құқығы бар сервис орталығына хабарласыңыз. Авторлық сервис орталықтарының тізімін «Кепілді міндеттемелер» кітапшасынан және [www.gorenje.ru](http://www.gorenje.ru) сайтынан таба аласыз.  
**Тек үйде қолдануға арналған!**